

**АТЫРАУ ТҰҚЫМЫ ҚОШҚАРЛАРЫ МЕН КӨК ТҮСТІ ҚАРАКӨЛ
САУЛЫҚТАРЫН БУДАНДАСТЫРУ НӘТИЖЕСІНДЕ АЛЫНҒАН
ҰРПАҚТАРДЫҢ ЖҮН ҰЗЫНДЫҒЫ, ОНЫҢ ЕЛТІРІ
БҰЙРАСЫНА ТИГІЗЕТІН ӨСЕРІ**

С. М. Жумагазиева, а.-ш. ғылымдарының кандидаты
М. Ж. Шукуров, а.-ш. ғылымдарының кандидаты

Жәңгір хан атындағы Батыс Қазақстан аграрлық-техникалық университеті

Мақалада түрлі жұптау нұсқасы нәтижесінде алынған ұрпақтардың жүн ұзындығы, оның елтірі бұйрасына тигізетін әсері туралы айтылған. Зерттеуге алынған ұрпақтардың жүн қырқымының шығымы талшықтардың тұқым қуалау ерекшелігіне тәуелді болатындығы анықталды. Мақсатты будандастыру жұмыстары кезінде жакеттік елтірі типінің бұйра ұзындығының ұрпақтан-ұрпаққа қарай таза тұқымды қаракөл бұйрасын иеленетіндігіне көз жеткіздік.

В статье приведены данные о влиянии различных вариантов подбора на длину волоса, и формирования завитка у полученного приплода. Установлен оптимальный вариант подбора родительских пар, позволяющий получать потомство с качественными смушками. В результате целенаправленного скрещивания завиток жакетного смушкового типа из поколения в поколение приобретает такую же длину как и у чистопородных каракульских овец.

The data about influence of various variants of selection on length of wool, and on curls astrakhan generation is given. The optimum variant of selection of parental pairs is established, allowing to receive posterity with qualitative astrakhans. As a result of purposeful crossing the curl of jacket astrakhan type from generation to generation gets the same length as well as at thoroughbred astrakhan sheep.

Көк түсті қаракөл қойларын өсіруде әртекті және біртекті жұптау жұмыстарын қатар жүргізу арқылы олардан алынған ұрпақтың шығымы, тіршілікке қабілеттілігі мен өнімділік көрсеткіштері бойынша түрлі нәтижелер алуға болады. Соның ішінде қаракөл шикізатының сапасы мен тауарлық құндылығын бағалауда зор үлесі бар жүн құрамы, олардың ұзындығы мен жіңішкелігі жеңіл өнеркәсіпте жүннің сапасын және бағасын анықтайтын нақты көрсеткіштердің бірі.

Жүн ұзындығы – елтірі сапасын анықтайтын, қозылардың кластылығына теріс үйлесімділік көрсететін маңызды көрсеткіш.

А. Еспембетовтың [1] және М. А. Виноградованың [2] пайымдауынша елтірі жүнінің шамадан тыс ұзындығы бұйраның ірі, әрі болбыр болуына жол беріп, олардың құндылығын төмендетеді десе, А. М. Омбаев [3]: «сонымен қатар жүн жамылғысының сипаты тері тығыздығы мен жіңішкелігіне байланысты келеді және бұйра типіне әсер ететін бірден-бір фактор, өйткені жүн сапасын бағалау кезінде дайындалатын шикізаттың механикалық, физикалық және тауарлық құндылығы жүн талшықтарының құрамына тәуелді және елтірілі тұқымдардың жаңа туған қозыларының жүн жамылғысы бастапқы материал ретінде бағаланып, асылдандыру жұмысының негізі болады» – деп түйіндейді.

К. К. Канапин және басқаларының [4] тұжырымдауынша ақ және ақшыл көк жүнді құйрықты қойлардың тірілей салмағы түсті малдарға қарағанда төмен және қолайсыз жайылым жағдайына төзімділігі жас кезінде салыстырмалы түрде төмен. Сондықтан құйрықты қойлардың қылшық жүнінің физикалық-техникалық қасиетін және оның өнеркәсіпте пайдалану үшін тиімділігін зерттеу нарық жағдайындағы өзекті тапсырмалардың бірі.

Азықтандыру жағдайының нашарлығы жүн талшықтарының түрлі көрсеткіштеріне тірілей салмаққа сияқты онша теріс әсер етпейді. Бұл жүн талшықтарының жалпы фенотиптік өзгергіштігінің тірілей салмақ өзгергіштігіне қарағанда үлкен дәрежеде генетикалық табиғаты бойынша қамтамасыз етілуімен түсіндіріледі.

Ата-енелік жұптың олардан алынатын ұрпағының жүн ұзындығы мен елтірі бұйрасына әсерін зерттеу үшін Атырау облысы Қызылқоға ауданындағы таза тұқымды көк қаракөл қойларын өсірумен айналысатын «Асыл» ААҚ-ында түрлі будандастыру нұсқалары жүргізілді. Ол үшін жоғарыда аталған шаруашылыққа асыл тұқымды қой зауыты «Жасқайрат» ЖШС-нен елтірілі-етті-майлы өнімділіктегі атырау тұқымының өндіруші қошқарлары іріктеліп, әкелінді. Өндіруші қошқарлар көк түсті жакет елтірілік типімен сипатталды. Тәжірибелік топтағы атырау тұқымының өндіруші қошқарлары қара және көк түсті таза тұқымды қаракөл саулықтарымен будандастырылды. Бақылау ретінде «көк түсті қаракөл х көк түсті қаракөл» гомогенді жұпталды.

Көк түсті қаракөл саулықтарымен атырау тұқымы қошқарын сіңіре будандастыру нәтижесінде алынған көк түсті I, II-ұрпақ будандарының және көк түсті таза тұқымды қаракөл ұрпақтарының жүн ұзындығына сипаттама берілген төмендегі 1 кесте мәліметтері бойынша 4 айлық жастағы I-ұрпақ будандарының жүн ұзындықтарының көрсеткіші қылшық, аралық қылшық, түбіті бойынша II-ұрпақ будандарының көрсеткішінен кем түсті, яғни ақ және қара қылшық жүні бойынша айырмашылық сәйкесінше 1,0 және 0,8 см немесе тиісінше 11,6; 9,8 %-ды құрады ($P > 0,99$).

1-кесте – Будандастырудан алынған көк түсті будан ұрпақ пен таза тұқымды көк қаракөл қозыларының жүн ұзындықтары, см (n = 15)

Көрсеткіштер	Жүн түсі	Жүн құрылымы		
		қылшық	аралық қылшық	түбіт
		M ± m	M ± m	M ± m
Тәжірибе тобы				
I-ұрпақ (көк түсті атырау × таза қанды көк қаракөл)	ақ	7,6 ± 0,37	5,2 ± 0,28	3,8 ± 0,14
	қара	7,4 ± 0,35	5,1 ± 0,19	3,6 ± 0,12
II-ұрпақ (көк түсті атырау × I-ұрпақтың көк түсті будандары)	ақ	8,6 ± 0,41	6,3 ± 0,34	4,4 ± 0,24
	қара	8,2 ± 0,39	5,9 ± 0,36	4,1 ± 0,23
Бақылау тобы				
Таза қанды көк түсті қаракөл х таза қанды көк түсті қаракөл	ақ	7,4 ± 0,29	4,9 ± 0,19	2,7 ± 0,25
	қара	7,1 ± 0,30	4,3 ± 0,21	2,5 ± 0,20

I-ұрпақтың жүн талшықтарының көрсеткішін өзара салыстыратын болсақ, ақ және қара талшықтар арасындағы айырмашылықтарды көруге болады. Ақ қылшығы қарасынан 0,2 см немесе 2,6 %-ға, аралық қылшығы бойынша 1,9 %, түбіті бойынша 5,3 %-ға артық болды. II-ұрпақ бойынша да өзара осындай айырмашылық байқалды. Бақылау тобының малдарының аталған көрсеткіштер бойынша жүн сапасының тұқым қуалауы аралық сипатта болды. Жүн талшықтарының мұндай тұқым қуалау ерекшелігін олардан алынатын жүн қырқымының шығымымен байланысты екендігін түсіндіруге болады.

Х. Шефер: [5] «...талшықтардың қысқаруы қаракөл елтірісінің құндылығын арттыра түседі» деп айтқандай, жүн ұзындығының ұрпақтан-ұрпаққа қысқаруы елтірінің бұйра ұзындығы сияқты белгісінің жақсаруымен түсіндіріледі.

Осыған байланысты алынған ұрпақ елтірісінің бұйра ұзындығы көрсеткішінің I және II-ұрпақта тұқым қуалау ерекшеліктері зерттеліп, алынған нәтижелер төмендегі 2, 3 кестелерде келтірілді.

Әр түрлі жұптау жолымен алынған қозылардың жакеттік елтірі типінің бұйра ұзындығының өзгеріштігін көрсететін мәліметтерден (2-кесте) көріп отырғандай ең жоғарғы көрсеткіш орташа бұйралы (64,7 %-66,7 %) қозылар бойынша болса, келесі орында ұзын бұйралы (29,5 %-30,9 %), одан кейін сәйкесінше қысқа бұйралы қозыларға тиесілі болды.

2-кесте – Әртүрлі жұптау нұсқасы кезінде алынған I-ұрпақ будандарының жакеттік елтірі типінің бұйра ұзындығы, % есебімен

Жұптау нұсқасы		n	түсі	Елтірі бұйрасының ұзындығы		
				қысқа	орташа	ұзын
♂	♀			M ± m	M ± m	M ± m
Тәжірибе тобы						
Көк түсті атырау	Таза қанды қара қаракөл	96	қара	4,4 ± 2,9	66,1 ± 4,5	29,5 ± 4,3
		85	көк	3,2 ± 1,3	66,7 ± 3,6	30,1 ± 3,4

Ауыл шаруашылық ғылымдары

Зоотехния

Көк түсті атырау	Таза қанды көк қаракөл	53	қара	3,3 ± 1,6	66,5 ± 4,3	30,2 ± 4,1
		121	көк	4,4 ± 1,6	64,7 ± 3,6	30,9 ± 3,5
Бақылау тобы						
Таза қанды көк қаракөл	Таза қанды көк қаракөл	50	қара	4,4 ± 1,9	60,3 ± 4,4	35,3 ± 4,3
		141	көк	4,8 ± 1,7	64,8 ± 3,8	30,4 ± 3,6

Ал, қара және көк түс бойынша бұйра ұзындығының тұқым қуалау мәліметтеріне талдау жүргізсек, тәжірибе тобындағы әртекті жұптандардан алынған будан ұрпақтардың көк түсінде бұйра ұзындығы қараларына қарағанда қысқа болды (1,2 %). Келесі біртекті жұптандар жолымен алынған будандар арасында бұйра ұзындығы қысқалары қара түстілерде азайып, көк ұрпақта 1,1 %-ға артық шықты. Бұйрасының ұзындығы орташаларының ең төменгі көрсеткіші тәжірибе тобындағы біртекті жұптау жолымен алынған көк түсті будандарда (64,7 %) байқалса, ең жоғарғы көрсеткіш (66,7 %) көк түсті атырау қошқарымен қара түсті таза қанды қаракөлдi будандастырудан алынған көк түсті будандарда анықталды.

Ұзын бұйралы будан қозылардың ең жоғарғы көрсеткіші тәжірибе тобындағы біртекті жұптаудан алынған көк қозыларда 30,9 %-ға теңессе, ең төменгі көрсеткіш (29,5 %) осы топтағы әртекті жұптандар арқылы алынған қара түсті будандарда болғаны анықталды.

Алынған мәліметтерді бақылау тобымен салыстырғанда қара және көк түсті будан ұрпақтардың елтірі ұзындығы орташа келгендерінің саны неғұрлым артық болып (1,9-6,2 %), керісінше бұйрасы ұзын қозылар көрсеткіші біртекті жұптау арқылы алынған көк түсті будандардан басқасында бақылау тобындағылармен салыстырғанда 0,3-тен 5,8 %-ға дейін кем түсті.

3-кесте – Әртүрлі жұптау нұсқасы кезінде алынған II-ұрпақ будандарының жакеттік елтірі типінің бұйра ұзындығы, % есебімен

Жұптау нұсқасы		n	түсі	Елтірі бұйрасының ұзындығы		
				қысқа	орташа	ұзын
♂	♀			M ± m	M ± m	M ± m
Тәжірибелік топ						
Көк түсті атырау	Қара түсті I ұрпақ будандары	33	қара	4,4 ± 2,9	63,5 ± 6,7	32,1 ± 6,5
		33	көк	4,2 ± 2,7	65,4 ± 6,5	30,4 ± 6,2
Көк түсті атырау	Көк түсті I ұрпақ будандары	22	қара	4,6 ± 2,9	62,7 ± 6,6	32,7 ± 6,4
		65	көк	5,2 ± 1,9	62,1 ± 4,1	32,7 ± 3,9
Бақылау тобы						
Таза қанды көк қаракөл	Таза қанды көк қаракөл	49	қара	3,8 ± 2,3	58,8 ± 5,9	35,8 ± 5,8
		140	көк	5,4 ± 1,6	62,9 ± 3,3	31,7 ± 3,2

3-кестеде жоғарыда аталған белгінің II-ұрпақ будандары бойынша тұқым қуалау мәліметтері берілген. Мұндағы мәліметтерден алдыңғы ұрпақтағы тұқым қуалау көрсеткіштерінің тағы да қайталанғандығын көреміз. Бірақ, бұл ұрпақта ұзын бұйралы қара және көк түсті будан қозылар санының 0,3 %-дан 2,6 %-ға дейін артқандығы байқалды.

Яғни, мақсатты будандастыру жұмыстары кезінде жакеттік елтірі типінің бұйра ұзындығының ұрпақтан-ұрпаққа қарай таза тұқымды қаракөл бұйрасын иеленетіндігіне көз жеткіздік.

ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ

1. Еспембетов, А. Сравнительная характеристика товарных свойств сур и черного каракуля / А. Еспембетов. // Вестник сельскохозяйственной науки Казахстана – 1981. – № 8. – 61 с.
2. Виноградова, М. А. Биолого-селекционные особенности морфологии кожно-волосного покрова каракульских ягнят жакетного смушкового типа : дис. ... доктора с.-х. наук / М. А. Виноградова. – Ашхабад. – 1973. – 55-78 с.
3. Омбаев, А. М. Разработка системы селекционно-племенной работы в каракулеводстве в условиях рыночных отношений / А. М. Омбаев. // Вестник с.-х науки Казахстана. – 2002. – № 4. – 43 с.

4. Канапин, К. К. Свойства грубой шерсти разных цветов / К. К. Канапин, А. Ахатов, М. В. Терентьева, М. Садвакасов. // Вестник сельскохозяйственной науки – Алматы. – 1997. – № 11. – С. 121-128.

5. Шефер Х. К вопросу о скрещивании маток двух местных грубошерстных пород с каракульскими баранами (2-е сообщение) / Х. Шефер. // Каракулеводство за рубежом (сост. и ред. Гигинейшвили Н. С.) – М. : Колос. – 1975. – 171-184 с.